N E W S
OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
SERIES OF AGRICULTURAL SCIENCES
ISSN 2224-526X
Volume 6, Number 36 (2016), 172 – 176

A. Zh. Skakova

Narxoz University, Almaty, Kazakhstan

MARKET OF DISTANCE LEARNING ONLINE: PARTNERSHIP AND COMPETITION

Abstract. This article considers the western universities which represent distance learning online. The comparative analysis of traditional and distance learning is made, the economic benefit is presented.
Keywords: distance learning, technology, university, education, system, Internet, student, traditional learning.

ӘОЖ 339.5

А. Ж. Сқақова

Нархоз университеті, Алматы, Қазақстан

ОНЛАЙН РЕЖИМІНДЕГІ ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ НАРЫҒЫ: СЕРІКТЕСТІК ПЕН БӘСЕКЕЛЕСТІК

Аннотация. Мақалада шетелдік университетердің онлайн режимінде білім беру жүйесіне талдау жасалған. Дәстүрлі оқыту жүйесі мен онлайн режимінде білім беру жүйелерін салыстыра отырып, олардың экономикалық тиімділігі қарастырылған.
Түйін сөздер: қашықтықтан оқыту, технология, университет, білім беру, жүйе, ғаламтор, студент, дәстүрлі оқыту.

Кіріспе. Қазіргі уақытта әлемнің көптеген университеттері мен колледждері онлайн режимінде білім беру қызметтерін ұсынуда. Алайда, батыстық эксперттер, Ғаламтор арқылы жаппай білім беретін коммерциялық мекемелер-компаниялардың пайда болуы маңыздырақ оқиға деп есептейді. Нарыққа жоғары оқу орындарының монополиясын қиратушы жаңа жеке меншік құрылымдар көп келе бастады. АҚШ-та, мысалы, коммерциялық білім беретін компаниялардың қарқынды өсуі болжамдалуда. 2000 ж. 700 санынан 2009 ж. 1300 санына дейін.

Білім беру жүйесінде виртуалды қашықтықтан оқу ұйымдастырушысы ашық білім беру жүйесінің мекемелері өздерінің қызмет ету саласын кеңейтуге тырыспақшы, дәстүрлі университеттер мен колледжер. Сонымен қатар, кампусы жоқ университеттер болып табылады.

Зерттеу әдістері. Білім беру үдерісінде интернет-технологияларды да қолданатын ашық білім беру жүйесінің оқыту мекемесі. Мысал ретінде әлемде қашықтықтан оқытудың кең тараған желісіне ие Ұлыбританияның ашық университетін келтіруге болады. Бұл елдің ең ірі университеттерінің бірі, Ұлыбританиядан 137 мыңнан астам және басқа елдерден 20 мыңнан астам студенттер білім